

Қ.Қ. Шалғынбаева
Б.А. Матаев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: kadisha1954@mail.ru, mataev_berik@mail.ru)

С.А. Будасси әдісі арқылы студенттердің «Мен» концепциясын зерттеу

Аннотация. Кәсіби қалыптасу саласындағы заманауи психологиялық - педагогикалық зерттеулер болашақ маманның құзыретті және табысты тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Қоғамның құбылмалы өзгерістері зерттеушіден диагностикалық құралдарды жаңартып немесе модификациялауды және зерттеудің жаңа психологиялық - педагогикалық заңдылықтарын анықтайтын жұмыс формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Кәсіби даярлау жағдайында болашақ педагог - психологтың жеке басының тұрғысынан «Мен» концепциясын диагностикалау және сипаттау мәселесі ерекше қызығушылық тудырады. Осыған орай, мақалада «Мен» концепциясын зерттеу тарихы және жоғары мектептің психологиялық - педагогикалық мәселесі ретінде кәсіби даярлау жағдайында студенттердің «Мен» концепциясын қалыптастыру процесі қарастырылды. Сондай-ақ, С.А. Будассидің «Тұлғаның өзін-өзі бағалауы» әдістемесінің көмегімен студенттердің кәсіби даярлау жағдайындағы «Мен» концепциясын зерттеудің ерекшеліктері және оның зерттеу мүмкіндіктері, модификациялардың жіктелуі және түсіндіру әдістері ашылады. Іріктемені Павлодар педагогикалық университетінің және С. Торайғыровтың атындағы университеттің «Педагогика және психология» мамандығының 237 студенті кірді. Сыналушылар жасы 17-ден 23-ке дейін, әр түрлі курс студенттері. Студенттер эксперименттік және бақылау зерттеу топтарына бөлінді. Математикалық-статистикалық өңдеу нәтижелері SPSS Statistics 21 бағдарламалық жасақтамасының көмегімен алынды. Алынған нәтижелер студенттердің кәсіби даярлау жағдайындағы «Мен» концепциясын зерттеудегі қол жетімділік пен валидтілік туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Түйінді сөздер: «Мен» концепциясы, С.А. Будасси әдісі, өзін-өзі бағалау, өздік сана, өзіне қатынас.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-135-2-274-282>

Түсті: 2.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 12.01.21

Кіріспе

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге» басты назар аудару қа-

жеттілігін ерекше атап көрсетуі білім беру жүйесінің алдына көптеген міндеттер жүктейді [1]. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында: «Біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн» деп атап көрсетті [2]. Сондықтан жаһандану кезеңінде

болашақ мамандарды кәсіби даярлау жағдайында жоғары деңгейлі, жан-жақты, үздіксіз өзін-өзі тұлғалық және кәсіби жағынан жетілдіруге қабілетті, сонымен қатар, «Мен» бейнесі туралы білімді үнемі толықтыра алатын мамандарды даярлау ЖОО-ның басты міндеттерінің бірі болуы керек. Қазіргі ЖОО-дағы білім беру процессінің шындығы, болашақ мамандардың тұлғалық, кәсіби қасиеттерін қалыптастыру және дамыту теориясы мен практикасының мазмұнын субъектісі ретінде анықтайды. Субъектілік мәселелер адам туралы тұлғалық, кәсіби дамудың теориялық және қолданбалы зерттеулерінде психологиялық-педагогикалық механизмдері негізгі орындардың бірін алатындығын есте ұстаған жөн.

Тарихы

ЖОО-ның білім беру процесінде студенттердің кәсіби «Мен» концепциясын қалыптастыру – бұл уақыт өте келе қалыптасқан екі процестің өзара әрекеті: ішкі детерминистік тұлғалық және кәсіби даму (қажеттіліктер, мотивтер, мақсаттар, міндеттер және өзін-өзі жүзеге асыру); сыртқы, студенттің жеке басына және оны оқыту процесіне қатысты. Болашақ мамандардың кәсіби «Мен» концепциясын қалыптастыру идеясы білім алушының ішкі әлеуетін (гносеологиялық, аксиологиялық, коммуникативтік, шығармашылық және т.б.) ашуға, іске асыруға және өрістетуге ұмтылатын белсенділіктің, жеке, субъектілік тәжірибенің тасымалдаушысы ретінде қарастырылады.

Студенттің кәсіби «Мен» концепциясын қарастырмас бұрын, осы терминнің мағынасын ашып алған абзал. Robert Bruce Burns (1909-1997) айтуынша, «Мен» концепциясы категориясының нақты анықтамасы жоқ. Ол «Мен» концепция ұғымына келесідей анықтама береді: «Мен» концепциясы - бұл адамның өзі туралы ойларының динамикалық жүйесі, оның физикалық, интеллектуалдық және басқа да қасиеттерін нақты түсіну, өзін-өзі бағалау, сондай-ақ сыртқы факторлардың тұлғаға әсер ететін субъективті қабылдауы»

[3]. «Мен» концепциясы адамның өзара әлеуметтік әрекеттесу процесінде пайда болады және өзара психикалық әрекеттесудің ерекше нәтижесі, салыстырмалы түрде тұрақты және сонымен қатар ішкі рухани өзгерістер мен психикалық өзгерістерге тәуелді. Ол адамның барлық өмір көріністерінде - бала кезінен бастап қартайғанға дейін өшпес із қалдырады.

Қоршаған орта, басқа адамдар туралы ойлар тұлға бойындағы «Мен» концепциясының әлеуметтену мен тәрбиелеу процесінде қалыптасады, бірақ белгілі бір соматикалық және жеке қасиеттер детерминанттары тұрғысынан қабылданады. Тұлғаның «Мен» бейнелері есею кезеңдерінде, қажеттіліктер туындай бастағанда дами түседі. Осы кезде тұлғаның адами қасиеттері көрініс тауып, «Мен» концепциясы өзгеріске ұшырайды. Өз кезегінде ол маңызды кері байланыс қызметін атқарады.

«Мен» бейнесін екі аспектіге бөлуге болады: өзін-өзі тану және өзін-өзі ұстау. Өмір сүру барысында тұлға өзін-өзі таниды әрі өзі туралы білім жинайды, бұл білім оның өзі және «Мен» концепциясы туралы синтезінің маңызды бөлігін құрайды. Өзі туралы білім тұлға үшін маңызды, себебі жаңа эмоциялар мен бағалау оның ішкі дүниесінің объектісі болып табылады және ол перманентті (тұрақты) өздік қатынас болып табылады. Осы тұста «Мен» бейнесінің кейбір аспектілері санадан және бейсанадан тыс жүреді.

«Мен» концепциясы ұғымы арнайы ғылыми әдебиеттерде жақында ғана пайда болғанымен, бұл мәселе ғалымдардың еңбектерінде бұрын да орын алған еді. Тұлғаның «Мен» бірегейлігі мен мәселесіне XX ғасырдың ортасында батыс ғылыми қоғамдастығының назары арта түсті және гуманистік, феноменологиялық бағыттардың басты және өзекті зерттеулеріне айналды. Ілімнің негізін қалаушылар Carl Ransom Rogers (1902-1987) пен Abraham Maslow (1908-1970) және олардың шәкірттері болып табылады, олар тұлға көріністерін: эмоциялар, сезімдер, көзқарастар және т.б. зерттеулер жүргізіп, тұлғаның дамуын түсінуге абстрактылық, антропологиялық, тарихтан тыс тұрғыдан қарастырды [4].

Негізгі бөлім

А.В. Карпов тұлғаның «Мен» концепциясы қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі және өз-өзіне талдау жасау арқылы қалыптасады деп көрсетті. Сондай-ақ А.В. Карпов «Мен» концепциясының қалыптасуын өзін-өзі тану процесімен байланыстырады және бұл психикалық қасиет статикалық емес, керісінше үнемі өзгерістерге ұшырап, даму үстінде деп санайды. Тұлғаның адекваттық дәрежесі мен қалыптасу деңгейі адамның нақты әрекеттері мен қылықтарында анықталады, осыған байланысты тұлғаның «Мен» концепциясы адамның психикасына да, мінез-құлқына да айтарлықтай әсер етеді [5].

С.Л. Рубинштейн тұлғаның «Мен» бейнесі қоршаған ортамен әртүрлі қарым-қатынасқа түсетінін, нәтижесінде түрлі қасиеттер мен ерекшеліктерді анықтайтын формаларда көрініс табатынын болжады. Осы жекелеген өзара әрекеттесуден өзін-өзі қабылдау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі талдау арқылы тұлғаның барлық мәндік-мазмұнды ерекшеліктерін біріктіретін «Мен» бейнесі немесе тұлғаның «Мен» концепциясы қалыптасады [6].

Психологиялық сөздіктің авторлары [7] тұлғаның «Мен» концепциясына төмендегідей анықтама береді:

1) тұлғаның өзі туралы көзқарастырының тұрақты, белгілі бір дәрежеде саналы, тәжірибелі және ерекше жүйесі;

2) бүтін әрі ішкі қарама-қайшылығы бар, өзін-өзі белгілейтін «Мен» бейнесі

Қ.Қ. Шалғынбаеваның пікірінше, «Мен-тұжырымдамасы» жеке адамның өзін-өзі ұғыну қызметінің нәтижесінде пайда болған рефлексивті анықтау» деп қарасты-

рады. Оның құрамында үш құрылымдық құрамдастарды белгілеуге болады:

1) когнитивті құрамдас – «Мен бейнесі», оған өзі туралы көріністер мазмұны кіреді;

2) өзін-өзі бағалау жүйесі;

3) мінез-құлықтағы когнитивтік және бағалаушы көріністерді сипаттайтын мінез-құлықтық құрамдас дейді [8].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында «Мен» концепциясы термині көбінесе біржақты түсіндіріледі, яғни «Мен» концепциясын тұлғаның өзін-өзі бағалауымен байланыстырады. Тұлғаның «Мен» концепциясы неден және қалай құрылатынын анықтаған кезде, авторлар «Мен» концепциясының әртүрлі формалары, аспектілері және компоненттері туралы өзін-өзі бағалау контекстінде ғана жазды.

«Мен» концепциясын зерттеу барысында - шынайы «Мен» және мінсіз «Мен» жиынтықтарының ара қатынасын қарастырған жөн. Сондықтан «Мен» концепциясын тұлғаның өзін-өзі туралы жалпылама бейнелеуі, өзіне қатысты көзқарастар жүйесі немесе практикалық психологтар айтуынша, «Мен» концепциясы - бұл «Адамның өзі туралы теориясы». Тағы бір ескеретін жайт, ол «Мен» - концепциясы статикалық (тұрақты) емес, ол динамикалық, психологиялық құрамдас болып табылады. Біз өз зерттеуімізде «Мен» концепциясының компоненттерін 1-ші кестеде келтірдік.

Зерттеу жұмысымызға Павлодар педагогикалық университетінің (эксперименталды топ) және Toraighyrov university (бақылаушы топ) студенттері қатысты. Зерттенушілер 1-3 курс студенттері, жалпы саны 237 адам. Жеке талдау нәтижесінде эксперименталды топ (әрі қарай ЭТ) – 91 респондент, оның ішінде 1 курс

Кесте 1

«Мен» концепциясының компоненттері

Компонентер	Когнитивті	Мінез-құлықтық	Аффективті
Мазмұны	Тұлғалық және өзін-өзі болашақ маман ретінде сезіну	Оқу - кәсіби және тұлғалық мотивация	Өзін-өзі бағалау және құндылық бағдары

– 28 студент, 2 курс – 15 студент, 3 курс – 48 студент және бақылаушы топ (әрі қарай БТ) – 146 респондент, оның ішінде 1 курс – 50 студент, 2 курс – 60 студент, 3 курс – 36 студент болды

Зерттеу әдістері

Жоғарыда көрсетілген теориялық шолу негізінде және әртүрлі психодиагностикалық әдістердің мүмкіндіктерін ескере отырып, біз өз зерттеу жұмысымыздың бір зерттеуші инструменті ретінде Сергей Андреевич Будассидің «Тұлғаның өзін-өзі бағалау» [9] әдістемесін қолдандық.

Бұл әдістеме «Педагогика және психология» мамандығы студенттерінің кәсіби «Мен» концепциясын зерттеуге мүмкіндік берді. Зерттеушілерге тұлға қасиеттерінің тізімі ұсынылды. Әдістемені орындау барысында зерттелушілер 3 қадамнан тұратын нұсқаулықты орындайды:

- **1 қадам** - «Мінсіз педагог-психолог маманы» сипаттамасына лайық қасиеттер ішінен 20-сын таңдау керек, таңдалған 20 қасиеттер арасында жағымсыз қасиеттер орын табуы да мүмкін;

- **2 қадам** - таңдалған 20 сөзден өзіңіз үшін жағымды қасиетті таңдаңыз, бұл сөзге қарама-қарсы «Мінсіз Мен» бағанында 20 санын қойыңыз. Одан кейін қалған 19 сөзден келесі жағымды қасиетті таңдап, осы сөздің қарама-қарсына 19 санын қойыңыз және солай 20-дан 1 санына дейін реттік нөмірлерді қойып шығыңыз;

- **3 қадам** - сол 20 сөзден өзіңізге тән қасиетті таңдаңыз және осы қасиетке қарама-қарсы «Шынайы Мен» бағанасына 20 санын қойыңыз. Одан әрі қалған 19 сөзден Сізге тән келесі қасиетті таңдап, осы сөздің қарама-қарсына 19 санын қойыңыз және солай 20-дан 1 санына дейін реттік нөмірлерді қойып шығыңыз.

Әдістеме нәтижесін төмендегі хаттамадан қараңыз (сурет 1).

Зерттеудің нәтижесі

«Мен» концепциясының когнитивті компонентін зерттеу аясында біз үшін екі жетекші қасиет динамикасындағы «Мінсіз маман» және «Шынайы Мен» бейнелеріндегі салыстыру қызығушылық тудырды (кесте 2 қара)

Будасси әдістемесі					
Аты - жөні					
Толық жас	Курс	Жыныс			
ЖОО					
Толтыру күні					
Нұсқаулық					
• 1 қадам Ұсынылған сөз тізімінен «Мінсіз» (идеальный) педагог-психолог мамана тән 20 қасиетті маңыздылығы бойынша таңдаңыз. Таңдалған қасиеттердің жанына (реттік № бағанына 1-20) белгі қойыңыз.					
• 2 қадам Таңдалған 20 сөзден сіз үшін жағымды қасиетті таңдаңыз, бұл сөздің қарама-қарсы «Мінсіз Мен» бағанында 20 санын қойыңыз. Одан кейін қалған 19 сөзден жағымды қасиетті таңдап, осы сөздің қарама-қарсы 19 санын қойыңыз және солай 20-дан 1 санына дейін ранжировка (реттік номерлерді) жасап шығыңыз.					
• 3 қадам Сол 20 сөзден сізге тән қасиетті таңдаңыз және осы қасиетке қарама-қарсы «Шынайы Мен» бағанасына 20 санын қойыңыз. Одан әрі қалған 19 сөзден Сіз үшін келесі тән қасиетті таңдап, осы сөздің қарама-қарсы 19 санын қойыңыз және солай 20-дан 1 санына дейін ранжировка (реттік номерлерді) жасап шығыңыз.					
Тест тапсырмасы					
Қасиеттер	№ Мінсіз Мен	Шынайы Мен	Қасиеттер	№ Мінсіз Мен	Шынайы Мен
Агрессивтілік			Самодисциплина		

Сурет 1. А.С. Будасси әдістемесі бойынша хаттама бланкісі

Кесте 2

Екі жетекші қасиеттің қорытынды рейтингісі

Бейне	Ранг	1 курс	2 курс	3 курс
Мінсіз маман	1	Адалдық	Шыдамдылық	Еңбексүйгіштік
	2	Намысшылдық	Еңбексүйгіштік	Адалдық
Шынайы Мен	1	Кекшілдік	Қорқақтық	Батылсыздық
	2	Ұстамсыздық	Шынайылық	Адалдық

1-3 курс студенттерінің әдістемеде берілген қасиеттерді талдау барысында екі жетекші қасиеттер қорытынды рейтингісін қарай отырып, 1-ші курс студенттері «Мінсіз маман» сипаттаған кезде жетекші қасиеттер ретінде «адалдық» пен «намысшылдықты» таңдағанын байқадық. «Шынайы Мен» сипаттау кезінде жетекші қасиеттер ретінде «кекшілдік», «ұстамсыздық» таңдалды. 2-курс студенттері «Мінсіз маманды» сипаттаған кезде жетекші қасиеттер ретінде «шыдамдылық» пен «еңбексүйгіштік», ал «Шынайы Менді» сипаттау кезінде «қорқақтық» пен «шынайылық» қасиеттерін таңдады. 3-курс студенттері «Мінсіз маман» сипаттамасында «еңбексүйгіштік» пен «адалдықты» жетекші қасиеттер ретінде, «Шынайы Менді» сипаттау кезінде «батылсыздық» пен «адалдық» жетекші қасиеттер ретінде таңдағанын көреміз.

Таңдалған жетекші қасиеттерді сапалы талдау кезінде 1-3 курс студенттері үшін «Мінсіз маман» мен «Шынайы Мен» сипаттамасында барлық студенттер үшін сәйкес келетін жетекші қасиеттер анықталмағаны белгілі болды, бұл бізді жетекші қасиеттердің санын эксперименттік және бақылау топтарында екіден

үшке дейін арттыруға итермеледі (3-кестеге қараңыз).

Эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің әдістемедегі қасиеттерді саралау және 3 жетекші қасиетті эксперименттік топ студенттерінде «Мінсіз маманды» сипаттау кезінде «адалдық», «еңбексүйгіштік» және «батылдық» жетекші қасиеттер ретінде таңдағанын көрсетті. «Шынайы Менді» сипаттау кезінде кекшілдік, ұстамсыздық, сезімталдық сияқты қасиеттерді жетекші қасиеттер ретінде таңдады.

Бақылау тобының студенттері «Мінсіз маманды» сипаттаған кезде шыдамдылық, адалдық және еңбексүйгіштік қасиеттерді жетекші қасиеттер ретінде таңдаған, ал «Шынайы Менді» сипаттау кезінде адалдық, шынайылық, мейірімділік қасиеттерді жетекші қасиеттер ретінде таңдаған.

Таңдаған жетекші қасиеттерді сапалы талдау кезінде эксперименттік және бақылау топтарының студенттерінде «Мінсіз маман» бейнесінде адалдық сияқты қасиетті барлық респонденттер үшін таңдаулы болып анықталғандығы белгілі болды. «Шынайы Мен» бейнесінде эксперименттік және бақы-

Кесте 3

Үш жетекші қасиеттің эксперименттік және бақылау топтарындағы қорытынды рейтингісі

Бейне	Ранг	ЭТ	БТ
Мінсіз маман	1	Адалдық	Шыдамдылық
	2	Еңбексүйгіштік	Адалдық
	3	Батылдық	Еңбексүйгіштік
Шынайы Мен	1	Кекшілдік	Адалдық
	2	Ұстамсыздық	Шынайылық
	3	Сезімталдық	Мейірімділік

Кесте 4

«Мінсіз Мен» және «Мінсіз маман» бейнелеріндегі
өзін-өзі бағалаудың өзара байланысы

Өзара байланысы бейнелері	Курс					
	1		2		3	
	Орташа көрсеткіш	Ст. аутку	Орташа көрсеткіш	Ст. аутку	Орташа көрсеткіш	Ст. аутку
Мінсіз Мен және Мінсіз маман	0,83	0,05	0,82	0,07	0,83	0,05

лау топтарының студенттері қалаған қасиеттерде ортақ қасиет табылмады. Осылайша, алынған нәтижелер «Мінсіз маман» мен «Шынайы Менді» сипаттау кезінде сәйкестікті анықтау үшін кем дегенде 5 жетекші қасиет бойынша қорытынды рейтингісін жүргізу қажет екендігіне көз жеткіздік.

Студенттердің кәсіби «Мен» концепциясының аффективті компонентін зерттеу үшін біз «Мінсіз Мен» және «Мінсіз маман» бейнелеріндегі өзін-өзі бағалаудың өзара байланысы және ең аз сәйкес келетін қасиеттерді салыстыру үшін, IBM SPSS 22 бағдарламасын қолдандық, оның нәтижелері 4 - кестеде берілген.

Студенттердің кәсіби «Мен» концепциясының мінез-құлық компонентіне келетін болсақ, 1-ші курс студенттерінде өзін-өзі бағалау $0,83 \pm 0,05$, 2 курс студенттерінде өзін-өзі бағалау $0,82 \pm 0,07$, 3 курс студенттерінде өзін-өзі бағалау $0,83 \pm 0,05$ шегінде екендігі анықталды. Алынған коэффициенттер өзін-өзі бағалау деңгейі адекватты шектеуде екенін көрсетеді. Алайда, егер біз өзін-өзі бағалауды тұлға ретінде және өзін-өзі бағалауды кәсіби маман ретінде қарастыратын болсақ, онда тұлға ретінде өзін-өзі бағалау деңгейі кәсіби өзін-өзі

бағалау деңгейінен жоғары екенін байқаймыз.

«Педагогика және психология» мамандығы студенттерінің кәсіби «Мен» концепциясының аффективті компонентін зерттеу үшін біз өзін-өзі бағалаудың жалпы деңгейін және «Мінсіз Мен» мен «Шынайы Мен» арасындағы алшақтықты бөліп алуымыз керек (5-кестені қараңыз).

Жүргізілген статистикалық сипаттама нәтижесінде 1-курс студенттерінің өзін-өзі бағалауы $0,88 \pm 0,06$, 2-курс студенттерінің өзін-өзі бағалауы $0,89 \pm 0,06$, 3-курс студенттерінің өзін-өзі бағалауы $0,88 \pm 0,06$ аралығында екендігі анықталды.


Әрі қарай, 2-суретте біз эксперименттік және бақылау топтарындағы өзін-өзі бағалаудың өзара байланыстағын қарастыруды ұсынамыз.

Статистикалық сипаттама нәтижесінде эксперименттік топтың студенттері өзін-өзі бағалау, тұлға ретінде, $0,89 \pm 0,06$ шегінде және бақылау тобының студенттері өзін-өзі бағалау $0,88 \pm 0,06$ шегінде екендігі анықталды. Кәсіби маман ретінде өзін-өзі бағалау эксперименттік топ студенттерінде $0,84 \pm 0,05$ және бақылау тобының студенттерінде $0,82 \pm 0,06$ аралығында екені анықталды. Алынған коэффициенттер

Кесте 5

«Мінсіз Мен» мен «Шынайы Мен» арасындағы алшақтық

	Курс					
	1		2		3	
	Орташа көрсеткіш	Ст. аутку	Орташа көрсеткіш	Ст. аутку	Орташа көрсеткіш	Ст. аутку
Алшақтық	0,88	0,06	0,89	0,06	0,88	0,06



Сурет 2. Эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің өзін-өзі бағалауының өзара байланысы

өзін-өзі бағалау деңгейі адекватты шектеуде, дегенмен де сәл жоғарлау тенденциясын көрсетті. Сонымен қатар, егер біз өзін-өзі бағалауды тұлғалық және кәсіби маман ретінде ерекшеліктерін қарастыратын болсақ, онда өзін-өзі бағалау деңгейі тұлға ретінде кәсіби маман деңгейінен жоғары екенін байқаймыз.

Осылайша, орташа алғанда, зерттеу әдістемесінде үлгіні бөлудің әртүрлі жағдайларына қарамастан, өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейі байқалады.

Анықтаушы эксперимент барысында студенттер «Шынайы Мен» және «Мінсіз маман» бейнелері үшін бірдей жетекші қасиеттерді анықтағаны дәлелденді, яғни студенттер өздерінің «адалдығы» мен «еңбексүйгіштігін» шынайы бейнесіне жатқызады, бұл «Мен» концепцияның когнитивті компонентінің сәйкестігінің көрсеткіші. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау деңгейі адекватты шектеуде, ал егер

біз өзін-өзі бағалауды тұлғалық және кәсіби маман ретінде ерекшеліктерін жекелеп қарастыратын болсақ, онда өзін-өзі бағалау деңгейі тұлға ретінде кәсіби маман деңгейінен жоғары екенін байқаймыз. Алынған нәтиже бойынша студенттердің кәсіби «Мен» концепциясын қалыптастыру үшін арнайы бағдарламаны құрастыру қажеттілігі туындайтынын анықтадық.

Қорытынды

Қорытындылай келе, мынадай шешімге келдік: «Математикалық-статистикалық өңдеулердің көмегімен сандық және сапалық процедураларды қолдана отырып, өзіміздің зерттеу мақсатымызға лайықты нәтижелерді анықтай алдық және бұл әдісті студенттің кәсіби «Мен» концепциясын зерттеуде басқа әдістермен бірге қолдануға болады».

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауы [Электрон. ресурс]. - 2018. - URL: [http:// www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) (қаралған күні: 29.11.2020).

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауы [Электрон. ресурс]. - 2020. - URL: [http:// www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) (қаралған күні: 29.11.2020).
3. Бернс Р. Развитие Я-концепции воспитания. / Пер. с англ. Общ. ред. Пилиповского. - М.: Прогресс, 1986. - 421 с.
4. Матаев Б.А., Чекалева Н.В. «Я-концепция» в личностно-ориентированном обучении // Модернизация системы образования: тенденции, проблемы и перспективы: материалы из докладов Международная научно-практическая конференция. - Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, 2019. - С. 396-401.
5. Карпова Л.В. Общая психология: учебник. - М.: Гардарики, 2005. - 232 с.
6. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СПб.: Питер, 2006. - 713 с.
7. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психология. Словарь. - М.: Политиздат, 1990. - 494 с.
8. Шалғынбаева Қ.Қ. Өзін-өзі тану негіздері: Оқу құралы. - Қарағанды: «АҚНҰР» баспасы, 2017. - 158 б.
9. С.Д. Некрасов, З.И. Рябикина, Г.Г. Танасов. Личность и ее свойства: Практикум. - Краснодар, Кубанский государственный университет, 2017. - 108 с.

K.K. Shalgynbayeva, B.A. Matayev

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

A study of «Self» concept of students by the method of S.A. Budassi

Abstract. Modern psychological and pedagogical research in the field of professional development is aimed at the formation of a competent and successful personality of the future specialist. The rapidly changing changes in society require the researcher to update and modify the diagnostic tools, to improve forms and methods of work that establish new psychological and pedagogical patterns of research. In this scientific field, the problem of diagnosing and describing a «Self» concept of the personality of the future teacher-psychologist is of particular interest. In this connection, the article examines the history of studying the «Self» concept and the process of forming the «Self» concept of students in the context of professional training as a psychologist - a pedagogical problem of higher education. Also, the article reveals features of studying the «Self» concept of students in the conditions of professional training and its research capabilities, classification of modifications and methods of interpretation, using the methodology of S. A. Budassi «Self-assessment of personality». The sample consisted of 237 students in «Pedagogy and Psychology», aged from 17 to 23 at Pavlodar Pedagogical University and Toraighyrov University, from different courses of study. The subjects were divided into experimental and control study groups. The results of mathematical and statistical processing were obtained using the SPSS Statistics 21 software. The results obtained allow us to conclude the availability and validity of this technique when studying the «Self» concept of a student in the conditions of professional training of higher education.

Keywords: «Self» concept, method of S.A. Budassi, self-esteem, self-awareness, self-attitude.

К.К. Шалғынбаева, Б.А. Матаев

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Изучение «Я-концепции» студентов методом С. А. Будасси

Аннотация. Современные психолого-педагогические исследования в области профессионального становления направлены на формирование компетентной и успешной личности будущего специалиста. Быстро меняющиеся перемены общества требуют от исследователя обновлять и модифицировать диагностический инструментарий, совершенствовать формы и методы работы, которые устанавливают новые психолого-педагогические закономерности исследования. В условиях профессиональной подготовки особый интерес представляет собой проблема диагностики и описания «Я-концепции» личности будущего педагога-психолога. В связи с чем в статье рассматривается история изучения «Я-концепции» и процесс формирования «Я-концепции» студентов в условиях профессиональной подготовки как пси-

холога-педагогической проблемы высшей школы. Также с помощью методики С.А. Будасси «Самооценка личности» раскрываются особенности изучения «Я-концепции» студентов в условиях профессиональной подготовки и ее исследовательские возможности, классификация модификаций и методы интерпретации. Выборка составила 237 студентов с разных курсов обучения специальности «Педагогика и психология» Павлодарского педагогического университета и университета им. С. Торайгырова в возрасте от 17 до 23 лет. Испытуемые были разделены на экспериментальную и контрольную группы исследования. Результаты математическо-статистической обработки были получены с использованием программного обеспечения SPSS Statistics 21. Полученные результаты позволяют сделать вывод о доступности и валидности данной методики при изучении «Я-концепции» студента в условиях профессиональной подготовки высшей школы.

Ключевые слова: «Я-концепция», методика С.А. Будасси, самооценка, самосознание, самоотношение.

References

1. Kazakhstan Respublikasynyn Tyngysh Prezidenti - Elbasy N.A.Nazarbaevtyн «Kazakstandyktardyn alaukatynyn osui: tabys pen tyrmys sapasyn arttyru» [The message of the First President of the Republic of Kazakhstan-Leader of the Nation N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan «Growth of the welfare of the people of Kazakhstan: increasing income and quality of life»]. [Electronic resource]. - 2018. - URL: [http:// www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) (Accessed: 29.11.2020).
2. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн «Zhana zhagdajdagy Kazakstan: is-kimyl kezeni» atty Kazakstan halkyna zholdauy [The message of President Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan «Kazakhstan in a new situation: the period of action»]. [Electronic resource]. - 2020. - URL: [http:// www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) (Accessed: 29.11.2020).
3. Berns R. Razvitiye Ya-koncepcii vospitaniya [Self-concept development and education]. Translated from the English. General Ed. Pilipovsky (Progress, Moscow, 1986, 421 p.) [in Russian]
4. Matayev B.A., Chekaleva N.V. «Ya-koncepciya» v lichnostno-orientirovannom obuchenii [The «Self» concept in person-centered learning], Modernizaciya sistemy obrazovaniya: tendencii, problemy i perspektivy: materialy iz dokladov Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferenciya [Modernization of the education system: trends, problems and prospects: materials from reports International Scientific and Practical Conference] (Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages Almaty, 2019, p. 396-401).
5. Karpova L.V. Obshchaya psihologiya [General psychology] (Gardariki, Moscow, 2005, 232 p.). [in Russian]
6. Rubinshteyn S.L. Osnovy obshchej psihologii [Basics of general psychology] (Piter, SPb., 2006, 713 p.) [in Russian]
7. Petrovskij A.V. and Yaroshevskij M.G. Psihologiya. Slovar' [Psychology. Dictionary] (Politizdat, Moscow, 1990, 494 p.) [in Russian]
8. Shalgynbaeva K.K. Ozin-ozı tanu negizderi [Fundamentals of self-knowledge] («AKNYR», Karagandy, 2017, 158 p7.) [in Kazakhstan]
9. S.D. Nekrasov, Z.I. Ryabikina, G.G. Tanasov. Lichnost' i ee svojstva: Praktikum [Personality and its properties: Workshop] (Kuban State University, Krasnodar, 2017, 108 p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер:

Шалғынбаева Қ.Қ. – педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, А.Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Матаев Б.А. – **корреспонденция үшін автор**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика және психология» мамандығының докторанты, А.Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Shalgynbaeva K.K. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of Social Pedagogy and Self-knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Matayev B.A. – Ph.D. in Pedagogy and Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.